

**«Арал» СЖКБД филиалы Шиелі ауданы «Көкшоқы» мөлтек
ауданының
Х А Т Т А М А С Ы**

Шиелі кенті

29 наурыз 2022 жыл

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы Шиелі ауданы Көкшоқы мөлтек ауданы сарқынды суды бұру қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2022 жылдың қорытындысы бойынша есепті тыңдауы.

Баяндамашы: А. Сарсембаев - «Арал» СЖКБД филиалының өндірістік бөлімшесінің басшысы.

Тыңдаудың төрағасы: Б. Бакишев - «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының директоры.

Хатшысы: А.Турекеев

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Ж. Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.

2. А.Есболова - «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының есеп бөлімінің есепшісі.

4. Т. Жағыпбаров - Шиелі аудандық мәслихат хатшысы.

5. . Ф. Аманжолов - Шиелі кенті әкімі.

6. Д. Аман - «Шиелі аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысы.

7. Ф. Шалбаев - Шиелі аудандық құрылыс бөлімінің уақытша басшы міндетін атқарушы.

Тұрғындар: Шиелі кенті «Көкшоқы» мөлтек ауданы тұрғындары - О. Байділдаев, А. Савченко және тағы басқа келген тұрғындар.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

«Шиелі ауданы Көкшоқы мөлтек ауданы» сарқынды суды бұру қызметі бойынша 2021 жылғы тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (**Баяндамашы: А. Сарсембаев - өндірістік бөлімше басшысы**).

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының директоры - Б. Бакишев тыңдауды ашты.

А. Сарсембаев - күн тәртібінде қаралатын мәселе бойынша 2021 жылғы Шиелі ауданы Көкшоқы м/а тұрғындарын сарқынды суды бұру қызметі бойынша атқарылған жұмыстарға баяндама жасады.

ҚР Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу, комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2021 жылғы 23 маусым №51-НҚ бұйрығымен сарқынды суды бұру қызметіне, оның ішінде орташа босату тарифі-153,05 теңге ҚҚС-сыз, халыққа-45,09 теңге ҚҚС-сыз, бюджеттік мекемелерге 159,02 теңге ҚҚС-сыз, басқа да тұтынушыларға 197,93 теңге ҚҚС-сыз, «ҚазАтомПром» АҚ мекемелерге 637,58 теңге ҚҚС-сыз тариф және тарифтік сметасы бекітілген.

«Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы Шиелі ауданы Көкшоқы мөлтек ауданында № 1-2-3 канализациялық насос станциясы орналасқан. Көкшоқы мөлтек ауданы бойынша 2021 жылға нақты шығарылған сарқынды су көлемі **61 997** текше метр. Көкшоқы мөлтек ауданында **744** тұтынушы, оның ішінде халық **734** тұтынушы, **5** бюджеттік мекеме, **5** заңды тұлға сарқынды суды бұру қызметін пайдалануда.

2021 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның берген **523,0** млн. теңге қаржысына жобаның **1-ші кезеңі** жұмыстары 2021-2022 жылдары атқарылып жатыр, оның ішінде:

- 1) 1 дана тазарту станциясын орнату;
- 2) 2 дана кәріз-сорғы станциясы;
- 3) 1 дана сыйымдылығы 300 м³ су қоймасы;
- 4) 1 дана сыйымдылығы 150 м³ су қоймасы;
- 5) 4,56 шақырым кәріз желісін қайта жаңғырту.

Бүгінгі күнге «Қазсушар» РМК күшімен кентішілік кәріз желісі және кәріз-тазарту станциясы алаңшілік кәріз желісі құрылысы жүргізілуде.

2021 жылдың қаңтары мен желтоқсаны аралығында әр ай сайын жұмысшы-қызметкерлердің жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігі, электр және техника қауіпсіздіктерін сақталуы мақсатында тексеру жұмыстары жүргізіліп отырды. Барлық насос станцияларында өрт қауіпсіздігі тексерілді.

Шығып сөйлегендер:

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының директоры Б. Бакишев «Шиелі ауданы Көкшоқы» м/а сарқынды суды бұру қызметіне 2021 жылдың қортындысы бойынша бөлімшеде атқарылған жұмыстарға оң бағасын беріп, алдағы уақытта ұжымға табыс пен ауызбіршілік тіледі.

Қорытынды:

«Шиелі ауданы Көкшоқы» м/а сарқынды суды бұру қызметіне 2021 жылдың қортындысы бойынша бөлімшеде атқарылған жұмыстарына «**жақсы**» деген баға беріледі.


Есепті тыңдау жабық деп жарияланады. **Өткізілген уақыты - сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін.**

Тыңдаудың төрағасы:



Б. Бакишев

Хатшысы:



Г. Есжанова